

Мұнай-газ саласындағы әлеуметтік
әріптестік пен әлеуметтік және еңбек
қатынастарын реттеу жөніндегі
салалық комиссияның
2018 жылғы 9 қаңтардағы
№ 1-2018 хаттамасымен мақұлданған

2017-2019 жылдарға арналған
Қазақстан Республикасының мұнай-газ,
мұнай өңдеу және мұнай-химия салаларындағы салалық келісімге
№ 1 қосымша келісім

Қазақстан Республикасының
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрлігінде
2018 жылғы 09 қаңтарда
№ 33 тіркелген



Астана қ., 2018 жыл

**2017-2019 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының мұнай-газ,
мұнай өңдеу және мұнай-химия салаларындағы салалық келісімге**

№ 1 қосымша келісім

Астана қ.

2018 жылғы 9 қаңтар

Уәкілетті мемлекеттік орган атынан Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі, жұмыс берушілердің өкілетті өкілдері атынан Қазақстан Республикасы «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы мен «KAZENERGY» Қазақстан мұнай-газ және энергетика кешені ұйымдарының қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігі, жұмысшылардың өкілетті өкілдері атынан «Мұнай-газ кешені қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы» ҚБ, «Қазақстандық мұнай-газ салалық кәсіптік одағы» ҚБ мен «Химиялық, мұнайхимиялық және өндірістің туысқан салалары жұмыскерлерінің салалық кәсіптік одағы» ҚБ бұдан әрі «Әлеуметтік әріптестік тараптары» деп аталатындар Мұнай-газ саласындағы әлеуметтік әріптестік пен әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі салалық комиссияның 2018 жылғы 9 қаңтардағы № 1-2018 хаттамасының 1-тармағының негізінде осы 2017-2019 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының мұнай-газ, мұнай өңдеу және мұнай-химия салаларындағы салалық келісімге (бұдан әрі – Салалық келісім) қосымша келісімді жасасты және төмендегілер туралы келісімге келді:

1. Салалық келісімге келесі өзгеріс енгізілсін:

«Еңбекақы төлеудің негізгі қағидаттары» атты 5-тарауының 5.2-тармағының 3)-тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) Бірінші разрядты жұмыскердің айлық тарифтік мөлшерлемесінің (еңбекақысының) ең төмен мөлшері жекелеген жұмыстарды (объектілерді күзету, тамақтандыруды, тұратын жайларды ұйымдастыру, тазалау қызметтерін) орындау үшін шарттық талаптармен тартылатын ұйымдарды қоспағанда, 1,2 коэффициентіне қоса, жеке табыс салығы мен міндетті зейнетақы жарнасы бойынша салық мөлшерлеме шамасын ескере отырып, тиісті қаржылық жылға арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының заңында белгіленген айлық жалақының ең төмен мөлшерінен кем болмауы тиіс.».

2. Осы Қосымша келісіммен қозғалмаған Салалық келісімнің барлық шарттары өзгермейді және Әлеуметтік әріптестік тараптары олар бойынша өз міндеттерін растайды.

3. Осы Қосымша келісім Салалық келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады, мемлекеттік және орыс тілдерінде 7 данада жасалды.

4. Осы Қосымша келісім Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінде тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және 2019 жылғы 31 желтоқсанға дейін қолданылады.

5. Әлеуметтік әріптестік тараптарының қолдары:

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЭНЕРГЕТИКА МИНИСТРЛІГІ

Қазақстан Республикасының
энергетика вице-министрі



Б. Ақшолоқов

ЖҰМЫС БЕРУШІЛЕРДІҢ ӨКІЛДЕРІ

«Атамекен» Қазақстан Республикасының
Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Төралқасының
Әлеуметтік сала және әлеуметтік әріптестік
Комитетінің төрағасы



Т. Доскенов

«KAZENERGY» Қазақстан мұнай-газ
және энергетика кешені ұйымдарының
қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігі
Бас директоры



Ә. Мағаров

ЖҰМЫСКЕРЛЕРДІҢ ӨКІЛДЕРІ

«Мұнай-газ кешені қызметкерлерінің
салалық кәсіптік одағы»
қоғамдық бірлестігі
Төраға




С. Қалиев

«Қазақстандық мұнай-газ
салалық кәсіптік одағы»
қоғамдық бірлестігі
Төраға



Т. Қабдолов

«Химия, мұнай-химия және
өндірістің ұқсас салалары
жұмыскерлерінің салалық кәсіптік одағы»
қоғамдық бірлестігі
Төраға



К. Пірімқұлов